

«Күншуақ» бөбекжай бағнасы
МВҚК менеджерісі
Курманова Ж.А.



**«Баланың басты ұстазы – ата - ана» тақырыбындағы
апталық жоспары**

Мақсаты: Ата-ана, педагог, балабақша арасындағы байланысты нығайту.
Ата - ананың балабақшада өтілетін іс-шараларға жиі қатыстып,
белсенділіктерін арттыру, баланың сапалы білім алуына ата-ана арқылы оң
әсер ету. Мереке қарсаңында ата-анаға, балаға мерекелік көңіл-күй сыйлау.

№	Іс – шара тақырыбы	Мерзімі	Жауапты
«Шебер ата – аналар» акциясы			
1	«Денсаулық әлемі»	Дүйсенбі	Дене тәрбиесі нұсқаушысы Оразалы Г.Д.
2	«Музыкалық саяхат»	Сейсенбі	Музыка жетекшілері Григуль И.В. Қорғанбай Р.Ж.
3	«Менің отбасым сыйластық орнаған орта »	Сәрсенбі	Психолог Қазтөре Ж.Н.
4	Балабақшаға экскурсия	Бейсенбі	Әдіскерлер
5	«Шебер ата – аналар» акциясы» нәтижесі бойынша марапаттау рәсімі	Жұма	Әдіскерлер

«КҮНШУАҚ» бөбекәсай – бақшасы» МКҚК

Ата-аналар арасында «Денсаулық әлемі» атты спорттық сайыс



*Дене шынықтыру
нұсқаушысы: Оразалы Г.Д*

2022 жыл, қараша

Тақырыбы: «Денсаулық әлемі» спорттық сайыс

Өткізу мерзімі: 21 қараша 2022 ж.

Өткізу уақыты: 09:00

Өтетін орыны: Музыка залы

Мақсаты: Салауатты өмір салтын қалыптастыру арқылы ептілікке, жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ата-аналардың спортқа қызығушылықтарын арттыру.

Түрі: Эстафеталық ойын

Көрнекілігі: шар, қоңырау, жалаушалар, шығыршық.

Уа халқым, назар аудар денсаулыққа,
Өмірде бақыттысың денің сауда.
«Денсаулық - терең бақыт» деген сөзді
Құр айтпаған ұлы Абай данамыз да.
Денің сауда күштісің бұл әлемде,
Денің сауда сұлусың жер бетінде.
Сол мықты денсаулықтың арқасында
Жетерсің әлі талай бақыттарға.

Ең алдымен таңғы жаттығу жасаймыз

Сәлеметсіздерме! Қайырлы күн! Құрметті ата-аналар, әріптестер, спорт сүйер жастар! Бүгінгі біздің балабақшамызда барлық топтың ата-аналарының қатысуымен өтетін "Денсаулық әлемі", атты спорттық сайысымызға қош келдіңіздер! Бүгінгі сайысымыз өте қызықты болады деп ойлаймын. Егемен, Тәуелсіз еліміздің болашағы жастардың қолында. Әйтсе де оған дұрыс бағыт бағдар берушінің бірі ата – ана болса, тағы бірі ол мұғалім. Осы өркениетке бастар жолдың бастауы – Балабақша десек, балабақшаның басты тұлғасы, жүрегі - мұғалім. Ендеше Сіздерге сәттілік!

Жарысты бастамас бұрын ойынға төрелік ететін әділ-қазы алқасымен таныстырып кетейік:

Балабақша әдіскері: Сарсенова Гульмара Сайлаубаевна

Балабақша психологі: Жанбота Нұрланбекқызы

Барысы:

1. Таныстыру

2. Шаттық шеңбер

3. Эстафеталық ойындар

4. Қортынды

«Сұңқар» тобы

Топ ұстанымы: « Сұңқардай болып қалықтаймыз, Білім іздеуден жалықпаймыз»

2. « Қыран » тобы

Топ ұстанымы: « Қырандай мықты, бәрін жеңіп шықты»

2-бөлім. Енді сайысымызды бастамас бұрын шаттық шеңберінен бастайық.

Барлығы шеңберге тұрады. Мен біріншіден сіздерге айтып кетейін түсіндіріп, мен қазір қолымдағы қоңырау осы қоңырауды шылдырлатқанда сіздер шеңбер бойымен айнала жүріп бір-біріңіздің арқаныңға ұрғылау арқылы массаж жасайсыздар, сосын екінші шылдырлақпен белгіні берген кезде қос аяқпен қояндар сияқты секіріп жүресіздер шеңбер бойымен, ал мен шапалақтағанда бәріңіз шапалақтайсыздар

Сайыстың бағдарламасы:

Ең алдымен кім қатты жүгіреді екен соны тексеріп алайық

1. «Кім жылдам» Шарты: әр команда топ мүшелерін жинап қолдарын айқастырып, берлесіп жүру арқылы кіші доптарды шығыршыққа жинау.

2. «Поезд». Шарты: команда мүшелері кезектесіп бір шарды алып жүреді, екінші жағаға әуе шарымен адамдарды тасымалдау қажет. Жылдам адамдарды тасмалдап біткен жүргізушілер тобы жеңіске жетеді.

3. «Кім епті». Шарты: Допты таяқшалардың арасынан түсірмей бір-бірімізге беріп, жерде жатқан шығыршықтың ішіне саламыз.

4. «Кедергілер жолы». Шарты: Жерде жатқан кедергілердің арасынан өтіп шығу. Қайсы топ жылдам бітсе сол топ жеңіске жетеді.

5. «Арқан тартыс»

4-бөлім. Қортынды. Біздің ата-аналарымыз барлық тапсырмаларды орындады. Келесі кезек әділ-қазыларға беріледі.


Жүргізуші. Сіздер бүгін барлық тапсырмаларды орындап, өздеріңіз жақсы спорттық дайындықтарыңызды көрсеттіңіздер. Өз отбасыларыңыз қандай спорт түрімен шұғылданасыздар? Сол туралы айтып беріңізші (әр топ кезекпен сөз сөйлейді)

- Сөз кезегін әділқазыларға береміз. Жеңімпаздарды марапаттау.

- Міне бүгін «Денсаулық әлемі» спорттық сайысымыз өз мәресіне жетті.

Сіздерге шағын ғана сыйым бар, денсаулықтарыңызға мән беріп, спортпен шұғылданыңыздар деген тілекпен

Жеңісті күндерде жолыққанша!





"Күншуақ» бөбекжай-бақшасы" МКҚК

«Менің отбасым - сыйластық орнаған ортам»

Психолог: Қазтөре Ж.Н.

Қандыағаш 2022 жыл

Менің отбасым - сыйластық орнаған ортам (тренинг)

Өткен күні: 23.11.2022

Қатысқан ата-аналар саны: 15

Мақсаты: Отбасы тәрбиесіндегі ата – ананың балаға тәрбиелік ықпалын арттыру. Тәрбиенің ең тамаша жері отбасы екенін, олардың бала тәрбиесіндегі мүмкіндіктерінің жоғары екенін, баламен қарым – қатынасты жақсартуын, бала тәрбиесіне көп көңіл бөлудің маңыздылығын дәлелдеу. Ата - ана мен бала арасындағы сенімді сыйластықты, бір - біріне деген сезімді нығайту

Тренинг бағдарламасы:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

1.Танысу

2.«Өз балаңызды жақсы білесіз бе?» жаттығуы

3."Жер жаңғағы" жаттығуы

4. Ситуациялық сұрақтар

5."Өтінемін" сергіту жаттығуы

6."Қиындықтан өту" жаттығуы

7. Ата - аналарға берілетін кеңестер

8. Жүректен жүрекке

III. Қорытынды

I. Кіріспе

- Сәлеметсіздер ме, құрметті ата-аналар! Біз сіздерді көргенімізге қуаныштымыз. Бүгін сіздермен өткізілгелі тұрған тренингтің тақырыбы: «Менің отбасым - сыйластық орнаған ортам» деп аталады. Отбасы – адам өмірінің тамаша жақтары жүзеге асатын, адамның ең басты шаттығы болып саналатын, баланың өсіп, өмір сүретін орны. Бала тәрбиесі отбасынан басталады, қалыптасады. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» демекші жақсы – жаман әдеттерді бала отбасында үйренеді. Баламыз өмірден өз орнын тауып, бақытты өмір сүрсін десек, бала тәрбиесіне көңіл бөлуді ешқашан естен шығармайық. Олай болса, бүгінгі тренингімізді бастамастан бұрын өздеріңізді таныстырып өтуге ортаға шақырамын

II. Негізгі бөлім

1.Танысу

Ата-аналар жартылай шеңберге тұру арқылы бір-бірімен танысады. Ең алдымен ата-ана өзінің есімін, содан соң баласының есімін және баласының бойындағы жақсы қасиеттерін айтып өздерін таныстырып шығады

2. «Өз балаңызды жақсы білесіз бе?» жаттығуы

Мақсаты: Ата - ана мен баланың ортасындағы қарым - қатынасты анықтау. Допты лақтыру арқылы ата-аналарға баласы жайында сұрақтар қою.

1. Балаңыздың туған күні?

2. Тәрбиешісінің толық аты - жөні?
3. Балаңыз сізге қандай көмек көрсетеді?
4. Балаңыздың 3 жағымды қасиетін атаңыз
5. Балаңызға ризашылығыңызды қалай білдіресіз?
6. Балаңыз қандай өлшемді аяқ киім киеді?
7. Балаңыздың сүйікті асы қандай?
8. Балаңыздың шашының түсі қандай?
9. Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?
10. Балаңыз спорттың қандай түрін жақсы көреді?
11. Балаңызды еркелетіп қандай сөздер айтасыз?
12. Балаңызға ашуланғанда, ең алдымен ауызыңызға қандай сөз түседі?
13. Балаңыздың ең жақын досы кім?
14. Балаңызды таңертеңгі ұйқыдан қалай оятасыз?
15. Балаңыздың жақсы көріп ойнайтын ойыншығы қандай?

3. "Жер жаңғағы" жаттығуы

Мақсаты: Баланың бойындағы артықшылықтарды, ерекшеліктерін көре білу, ішкі жан дүниесіне үңілу

Ата-аналарды екі қатарға тұрғызу арқылы жер жаңғақтарын таратып беру. Әр ата-ана жер жаңғақтың пішініне, сырт келбетіне, сызықтарына т.б. мұқият мән беріп қарап, есте сақтап қалулары керек. Қарап болғаннан кейін жаңғақтарды жинап алып араластырамыз. Сол жаңғақтардың ішінен әр ата-ана бастапқыда қарап алған өз жаңғақтарын табулары қажет. Енді таңдап болсақ барлығыңыз өз жаңғағыңызды таба алдыңыздар ма? Тапқан болсаңыздар, қандай ерекшелігіне қарап таптыңыздар?

Мінекей қараңыздар барлық жаңғақ сырттай қарағанда бірдей сияқты көрінуі мүмкін, Бірақ өздеріңіз айтып өткендей әрқайсысына тән ерекше қасиеттері бар. Балаларымыз да осы жер жаңғақ тәрізді сырттай бірдей секілді көрінгенімен әрқайсының өзіне тән ерекше қасиеттері, сүйкімділіктері бар екен. Сондықтан балаларымыздың ішкі жан дүниесіне үңіліп, ойын біліп, ерекше қасиеттерінің бар екеніне мән беріп жүрейік.

4. Ситуациялық сұрақтар

Мақсаты: Ата-аналарға ситуациялық сұрақтар қою арқылы жағдайдан қалай шыға алатындықтарын, көзқарасын тексеру

1. Балаңыздың өнері, қандай да бір іске қызығушылығы, бейімділігі байқалса, не істер едіңіз?

2. Баламен сөйлесе білу де үлкен өнер, Мысалы: түн неге қараңғы, күн қайда кетті, ұшақ қалай ұшады,..... деген сияқты таусылмайтын сауалдар көп. Сіздің балаңыз да сондай сауалдарды көп қоятын болса, жауап беруге тырысасыз ба, әлде елеусіз қалдырасыз ба?

3. Сізге балабақшадағы тәрбиешіден «Сіздің балаңыз басқа балаларды ұрады» деген бірнеше шағым айтылады. Тағы көрші ата - аналардан да «Біздің баланы ұрды» деген сөз естуге тура келеді дейік. Не істейсіз? Балаңызды қалай тәрбиелейсіз?

4. Кейбір ата - аналардың баласының әрбір іс - әрекетіне көңілі толмай: «Сен сала алмайсың, сен істей алмайсың», - деп айтып жататынын байқаймыз.

Бала іс-әрекетіне теріс баға беруге қалай қарайсыз?

5. Балаңыздың тәртібі жайлы білгіңіз келіп, балабақшаға келіп тұрасыз.

Тәрбиешісі сізді қатулы қабақ, ашулы күймен қарсы алды. Сіздің әрекетіңіз?

6. Балаңыз қандайда бір теріс іс - әрекеттер көрсетсе, сіз қандай шара қолданасыз?

5. *Сергіту сәті: «Өтінемін»*

Мақсаты: Ата-ана мен балалар арасындағы қарым-қатынасты жақсарту, бір-біріне көңіл бөлу, бірін-бірі тыңдай білуге үйрету.

Қатысушылар екі жаққа бөлініп тұрады.

Құрметті ата-аналар! Сіздер, қандай сиқырлы күші бар сөздерді білесіздер?

- Рахмет, өтінемін, кешіріңіз, ризамын т.б.

Мен әр түрлі өтініштер жасаймын, егер мен «өтінемін» деген сөзді айтсам сіздер оны орындауларыңыз қажет, «өтінемін» - деген сөзді айтпасам, сіздер сол өтінішті орындамайсыздар.

- Секіріңіздер

- Өтінемін, алақанмен қол шапалақтаңыздар

- Оң аяқтарыңызды көтеріңіздер

- Жүгіріңіздер

- Өтінемін, бір-біріңізді құшақтаңыздар

- Өтінемін, оң қолдарыңызбен сол құлақтарыңызды уқалаңыздар.

6. *"Қиындықтан өту" жаттығуы*

Мақсаты: Ата-ана әрдайым баласының жол нұсқаушысы, бала ата-ананың жолымен жүреді. Өмірде кездесетін кедергілерден баласына барынша сақтануға, дұрыс іс-әрекеттер жасауына ықпалын тигізу. Ата-ана мен бала арасындағы сенімділікті нығайту.

Өз еркімен ортаға 5 ата-ана шақырылып ортаға шығады. Оның ішінде 4-еуі бала болады, олардың көздерін орамалмен байлаймыз. Ал бір ата-ана балалардың анасы болады. Жолға кедергілер қойылады, анасы осы кедергілерден балаларын сүріндірмей, барынша балаларына қарайлап құлатпай өтіп шығуы қажет.

Көздеріңіз байлаулы кезде қандай сезімде болдыңыздар? Аналарыңызға сендіңіздер ме? Ал анасы сіз қандай сезімде болдыңыз? Балаларыңызды қиындықтардан сүріндірмей өткізу қиындық тудырды ма?

7. *Ата - аналарға берілетін кеңестер*

Егер балам қатыгез, қайырымсыз, өзімшіл болып өспесін десеңіз, бала тәрбиесінде мына қателіктерге жол бермеңіз

1-қателік «Егер сен мен қалағандай болмасаң мен сені жақсы көрмеймін»

2 - қателік «Не істесең оны істе маған бәрібір»

3-қателік: Аса қаталдық «Мен не айтсам соны орындауың керек, өйткені мен үйдің басшысымын»

4 - қателік Балаларды тым еркелету

5 - қателік «Саған көңіл бөлуге уақытым жоқ»

6 - қателік Балаңызды тым көп ақшамен қамтамасыз ету

7 - қателік Баланың ісіне көңіл - күйіңізге қарап баға беру, яғни көңіл - күйіңіз нашар болса оның қуанышына ортақтаспау, әңгімесіне құлақ аспау
Міне құрметті ата - аналар, бала тәрбиесінде осы қателіктерге жол бермесеңіз ғана балаңыздың саналы азамат болып өсіп, сізді бақытқа кенелтері сөзсіз.

8. Жүректен жүрекке

Ата-аналар ортаға шаттық шеңберіне тұрып, жүрекше арқылы бір-біріне деген жүректен шыққан тілектерін жолдайды.


III. Қорытынды

Құрметті ата-аналар, сіздерден баладан жүрек жылуын аямай балаға бір сәт болса да, бала көзімен қараңыз дей отырып бүгінгі тренингке қатысқандарыңызға көп-көп рахмет айтамыз!

Тренинг соңында сіздерге мандарин ұсынғым келіп отыр. *Мандаринді берген*

мақсатым: Мандарин жемістің бір түрі. Өзі жұмсақ, нәрлі шырынында дәрумені көп. Жемістердің ішіндегі тез көп жеміс беретін өсімдік. Мандарин қандай қасиеттерге ие болса бізде балалармызға жұмсақ мінез танытып, жан - жақты тәрбие берейік.


Ата-аналар тренингтен алған әсерлерімен бөлісіп, тілектерін айтып өтті



Тренинг барысынан суреттер



19. Айгөлөк ересел табан



№10. Пағыра - ұлттық мәдениет

